

КМҚК «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы

«Бауырсақпен орманға саяхат»

(Ашық ойын іс - әрекеті)



Тобы: «Бал бала»

Тәрбиеші: Атабаева Жанар

Қызылорда 2023

Күні: 23.11.2023

Тақырыбы: «Бауырсақпен орманға саяхат»

Міндеттері:Бауырсақ ертегісімен саяхат жасата отырып ертегі қойылымын көрсету арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру.Түрлі сенсорлық әсерлермен байыту.Қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді,қолдардың ұсақ қол моторикасын дамыту.

Балалар қазір біз көңілімізді көтеріп алу үшін музыкалық аспап партатионаның әуенімен қимылдар жасап аламыз



Жарайсындар балалар көңіл күйлерің қалай?

Олай болса сендер ертегі тыңдағыларың келеді ме?

Бауырсақ ертегісін қуыршақтар арқылы бастау. Әжесі бауырсақты терезе алдына суытып қояды. Бауырсақ терезе алдынан секіріп жерге түсіп балалармен тілдесе бастайды.

Бауырсақ: Сәлеметсіздерме балалар, мен қаптың түбінде жатып жалығып кеттім. Мен орманға саяхаттап бара жатырмын.



Балалар сендерде орманға барғыларың келе ме? Жүріңдер ендеше бізде саяхаттап қайтайық.Балалар бауырсаққа ұқсап қолдарын айналдыра отырып домалап- домалап деп қайталап айтады. Бір кезде алдарыннан қоян шығады.

Қоян: бауырсақ бауырсақ мен сені жеймін.

Балалар: Жеменізіші біз сізге өлең айтып береміз.

Қоян: Жоқ мен өлең тыңдағым келмейді одан да маған сендер сәбіз теріп әкеліңдер



Ойын «Сәбіз жинау»

Балалар сәбізді жинап қоянды тамақтандырып әрі қарай жолға шығады

Алдарынан аю шығады

Аю: бауырсақ , бауырсақ мен сені жеймін

Балалар: жемеші жемеші біз саған өлең айтамыз

Аю: жоқ мен өлең тыңдағым келмейді одан да менімен балық аулау ойынын ойнандар егерде сендер женсендер мен бауырсақты жемеймін.

Ойын: «Балық аулау»



Балалар әрі қарай орманға шығады кірпі кездеседі кірпінің тікенектерін қадап беру



Алдарынан түлкі шығады

Түлкі: бауырсақ бауырсақ мен сені жеймін

Балалар: жемеші жемеші біз сіздің қалауыңызды орындаймыз

Түлкі: Ааааа солай ма олай болса маған әдемі моншақ жасап беріңдер

Ойын: «Әдемі моншақ»



Ұсақ қол моторикасына арналған ойын түрлі – түсті моншақтарды жіппе тізу

Түлкі. Рахмет сендерге сендер өте тату ақылды екенсіңдер мен енді бауырсақты жемеймін.

Осылайша домалап домалап қайта оралады бауырсаққа көмектескендері үшін сендерге сый ретінде шынайы бауырсақ әкеліпті.

